Жартылай дайын өнімдер	111,5	141,6	110,4
Дайын өнімдер	98,2	91,8	87,6
Импорт - барлығы	94,6	83,9	68,1
Шикізат	92,8	95,7	98,9
Жартылай дайын өнімдер	87,8	78,6	79,3
Дайын өнімдер	99,3	113,8	95,7
	93,1	105,6	107,1
	93,4	95,7	96,3

Өнімдердің топтары бойынша

	пайызбен					
	Экспорттық жеткізілімдер			Импорттық түсімдер		
	2015 жылғы қаңтар			2015 жылғы қаңтар		
	2014 жылғы желтоқсанға	2014 жылғы қаңтарға	2010 жылғы желтоқсанға	2014 жылғы желтоқсанға	2014 жылғы қаңтарға	2010 жылғы желтоқсанға
Сүт өнімдері, құс жұмыртқасы	100,0	111,6	137,0	87,6	58,3	66,1
Дәнді дақылдар	113,2	106,8	65,8	95,9	84,2	59,0
Қант және қанттан жасалған кондитерлік өнімдер	90,3	65,9	69,1	99,2	85,5	91,8
Алкогольді ішімдіктер және алкогольсіз сусындар	97,8	88,7	67,9	93,2	77,8	81,4
Минералды өнімдер	88,8	80,1	112,9	81,0	77,7	74,4
Қара және түсті металдар	96,3	88,4	86,3	95,4	113,8	130,2
Химия өнеркәсібі өнімдері	110,3	132,1	125,1	91,4	72,1	67,8
Пластмасса және одан жасалған бұйымдар	97,5	100,4	97,5	88,9	74,6	74,8
Тоқыма және тоқыма бұйымдар	91,4	83,0	124,3	97,6	102,6	111,6

5.9 КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ ЖАЛҒА БЕРУ БАҒАСЫНЫҢ ИНДЕКСІ


	кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен
2014 жыл.....	103,3
	өткен айға пайызбен
2014 жылғы ақпан.....	100,5
2015 жылғы ақпан.....	100,2



2015 жылғы ақпанда өткен аймен салыстырғанда химиялық тазалау және кір жуатын орындарды жалға беру бағасы 0,9%, банк филиалдарына арналған орын-жайларды – 0,7%, автомобильдерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша станцияларды – 0,6%, шаштараздар мен сұлулық салондарын, өндірістік цехтарды – 0,4%-дан, дәмханаларды – 0,3% өсті.

Көлік жуу орындарын жалға беру 0,6%, дүкендерді – 0,2% арзандады.

	2015 жылғы ақпан				2015 жылғы қаңтар-ақпан 2014 жылғы қаңтар-ақпанға
	2015 жылғы қаңтарға	2014 жылғы ақпанға	2014 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру	100,2	102,9	100,5	113,9	103,0
Өкімшілік-кеңсеге арналған жайлар	100,4	102,3	100,8	110,5	102,4
Сауда жайлары	100,1	102,8	100,2	115,9	102,9
Мейрамханалар және қоғамдық тамақтандыру пункттері	100,3	104,3	100,4	109,4	104,4
Тұрмыстық қызмет көрсететін пункттер, сервистер	100,4	102,6	100,5	124,3	102,8
Қойма жайлары	100,3	102,9	100,9	114,3	103,0
Өндірістік жайлар	100,3	102,9	100,5	118,5	103,1
Паркингтер	100,0	105,2	100,3	104,9	105,2
Коммерциялық жылжымайтын мүліктің өзге де түрлері	100,4	106,2	100,8	109,2	106,2




6. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА

6.1 ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

өткен жылғы тиісті айға пайызбен

	2014	2015
Қаңтар	103,3	101,1
Ақпан	102,3	102,7
Наурыз	102,0	
Сәуір	103,0	
Мамыр	103,1	
Маусым	101,4	
Шілде	103,1	
Тамыз	103,5	
Қыркүйек	101,6	
Қазан	99,9	
Қараша	105,4	
Желтоқсан	105,0	


өткен жылғы тиісті айға пайызбен



өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

	2014	2015
Қаңтар	103,3	101,1
Қаңтар-ақпан	102,8	101,9
Қаңтар-наурыз	102,5	
Қаңтар-сәуір	102,7	
Қаңтар-мамыр	102,8	
Қаңтар-маусым	102,5	
Қаңтар-шілде	102,7	
Қаңтар-тамыз	102,8	
Қаңтар-қыркүйек	102,6	
Қаңтар-қазан	102,3	
Қаңтар-қараша	102,6	
Қаңтар-желтоқсан	102,8	

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен




Қысқа мерзімді экономикалық индикатор – экономиканың даму тенденцияларын сипаттайтын көрсеткіш. Оны есептеу жедел есептеуді қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады және ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс сияқты негізгі салалар бойынша шығарылым индекстерінің өзгеруіне негізделеді. Аталған салалардың ЖІӨ көлеміндегі үлесі 67-68%.

6.2 ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

нақты көлем индексі, өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

2004 жылғы қаңтар-желтоқсан	109,6
2005 жылғы қаңтар-желтоқсан	109,7
2006 жылғы қаңтар-желтоқсан	110,7
2007 жылғы қаңтар-желтоқсан	108,9
2008 жылғы қаңтар-желтоқсан	103,3
2009 жылғы қаңтар-желтоқсан	101,2
2010 жылғы қаңтар-желтоқсан	107,3
2011 жылғы қаңтар-желтоқсан	107,5
2012 жылғы қаңтар-желтоқсан	105,0
2013 жылғы қаңтар-желтоқсан	106,0
2014 жылғы қаңтар-желтоқсан*	104,3

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Тауарлар мен қызметтер өндірісі

2014 жылғы қаңтар-желтоқсандағы жедел деректер бойынша ЖІӨ-нің құрылымында тауарлар өндірісі 37,8%, қызметтер өндірісі 55,6% құрады. ЖІӨ-нің өндірісінде негізгі үлесті – 27,6% өнеркәсіп және 16,5% - көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу алып отыр.

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

	2014 жылғы қаңтар-желтоқсан*		
	жалпы қосылған құн, млн. теңге	нақты көлем индексі	дефлятор
Тауарлар өндірісі	14 412 581,3	101,0	103,8
Қызметтер өндірісі	21 091 718,1	106,0	104,0


Экономикалық қызмет түрлері бойынша ЖІӨ

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

	Жалпы қосылған құн, млн. теңге	Нақты көлем индексі	Дефлятор	ЖІӨ құрылымы, қорытындыға пайызбен
				2014 жылғы қаңтар-желтоқсан*
Жалпы ішкі өнім	38 033 064,4	104,3	103,4	100,0
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	1 635 765,0	100,8	100,1	4,3
Өнеркәсіп	10 517 826,7	100,3	105,0	27,6
Құрылыс	2 258 989,6	104,1	101,2	5,9
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	6 267 156,6	109,0	106,2	16,5
Көлік және қоймалау	2 942 162,8	107,0	100,5	7,7
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	368 973,9	104,7	113,3	1,0
Ақпарат және байланыс	804 190,4	108,5	78,3	2,1
Қаржы және сақтандыру қызметі	1 198 764,1	104,2	116,6	3,2
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	3 124 224,9	103,7	99,8	8,2
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	1 705 115,6	102,9	108,3	4,5
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	754 916,6	105,8	112,0	2,0
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	763 980,6	100,0	107,4	2,0
Білім беру	1 123 504,0	102,3	106,6	3,0
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	645 906,7	102,1	109,6	1,7
Өнер, ойын-сауық және демалыс	289 789,0	110,0	108,3	0,8
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	1 090 816,9	107,3	104,5	2,9
Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар мен қызметтер өндіретін үй шаруашылықтары қызметі	12 216,0	100,0	80,0	0,03
Жалпы қосылған құн	35 504 299,4	103,9	103,9	93,4
Өнімдерге салынған салықтар	2 528 765,0	109,6	96,5	6,6

* Жедел деректер бойынша.

ТҮПКІЛІКТІ ТҰТЫНУ ӘДІСІМЕН ЕСЕПТЕЛГЕН ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ



2012 жылғы қаңтар-наурыз.....	112,6
2012 жылғы қаңтар-маусым.....	113,3
2012 жылғы қаңтар-қыркүйек.....	111,5
2013 жылғы қаңтар-наурыз.....	110,4
2013 жылғы қаңтар-маусым.....	113,0
2013 жылғы қаңтар-қыркүйек.....	112,8
2014 жылғы қаңтар-наурыз.....	101,7
2014 жылғы қаңтар-маусым.....	100,5
2014 жылғы қаңтар-қыркүйек.....	102,5

2014 жылғы қаңтар-қыркүйектегі түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім 25628089,5 млн. теңгені құрады. Өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты есептеуде түпкілікті тұтыну шығыстарының компоненттері бойынша өсім байқалады: мемлекеттік басқару – 11,2%, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар – 1,3% өсті.

	өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен		
	ЖІӨ компоненттері, млн. теңге	Нақты көлем индексі	Дефлятор
Түпкілікті тұтынуға шығыстар	14 638 281,2	102,5	105,9
Жалпы қорланым	6 524 680,6	100,2	103,8
Тауарлар мен қызмет көрсету экспорты	11 761 638,9	99,4	116,0
Тауарлар мен қызмет көрсету импорты	7 296 511,2	91,9	114,0


2014 жылғы қаңтар-қыркүйектегі түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ

	өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен			
	ЖІӨ компоненттері, млн. теңге	Нақты көлем индексі	Дефлятор	ЖІӨ құрылымы, қорытындыға пайызбен
Түпкілікті тұтынуға шығыстар	14 638 281,2	102,5	105,9	57,2
үй шаруашылықтары	11 326 765,9	100,4	105,9	44,2
мемлекеттік басқару	3 030 120,9	111,2	105,4	11,9
жеке тауарлар мен қызмет көрсетулер	1 579 098,4	104,9	106,7	6,2
ұжымдық қызмет көрсетулер	1 451 022,5	118,8	104,0	5,7
үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар	281 394,4	101,3	108,6	1,1
Жалпы қорланым	6 524 680,6	100,2	103,8	25,4
негізгі капиталдың жалпы қорланымы	5 104 280,9	103,0	103,4	19,9
материалдық айналым құрал-жабдықтары қорларының өзгеруі	1 420 399,7		105,4	5,5
Таза экспорт	4 465 127,7			17,4
тауарлар мен қызмет көрсету экспорты	11 761 638,9	99,4	116,0	45,9
тауарлар мен қызмет көрсету импорты	7 296 511,2	91,9	114,0	28,5
Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім	25 628 089,5	103,7	107,5	100,0
Статистикалық алшақтық	187 910,6			
Өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім	25 816 000,1	104,1	106,7	

ТАБЫСТАР ӘДІСІМЕН ЕСЕПТЕЛГЕН ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

млрд. теңге

2012 жылғы қаңтар-наурыз	5 976,7
2012 жылғы қаңтар-маусым	12 535,9
2012 жылғы қаңтар-қыркүйек	20 378,2
2012 жыл	30 347,0
2013 жылғы қаңтар-наурыз	6 817,2
2013 жылғы қаңтар-маусым	14 152,7
2013 жылғы қаңтар-қыркүйек	23 259,2
2013 жыл	35 275,2
2013 жылғы қаңтар-наурыз	7 565,9
2013 жылғы қаңтар-маусым	15 717,9
2013 жылғы қаңтар-қыркүйек	25 816,0



Тауарлар мен қызметтер өндірісі

Есепті деректер бойынша 2014 жылғы қаңтар-қыркүйектегі табыстардың құралуы құрылымында тауарлар өндірісі мен қызметтер өндірісіндегі еңбекақы төлеу үлесі тиісінше, 26,6% және 40,5% құрады, өндіріске салынатын басқа да салықтар үлесі тауарлар өндірісінде 2,3%, қызметтер өндірісінде 0,6% құрады, сәйкесінше жалпы пайда/жалпы аралас табыс үлесі 71,1% және 58,9% құрады.

қорытындыға пайызбен

	ЖІӨ компоненттері, млн. теңге	Нақты көлем индексі
Түпкілікті тұтынуға шығыстар	14 638 281,2	102,5
Жалпы қорланым	6 524 680,6	100,2
Тауарлар мен қызмет көрсету экспорты	11 761 638,9	99,4
Тауарлар мен қызмет көрсету импорты	7 296 511,2	91,9

2014 жылғы қаңтар-қыркүйектегі экономикалық қызмет түрлері бойынша бастапқы табыстардың салалық құрылымы

пайызбен

	Жалпы қосылған құн	Оның ішінде		
		еңбекақы	өндіріске басқа да салықтар	жалпы пайда/ жалпы аралас табыс
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	100,0	25,5	0,1	74,4
Өнеркәсіп	100,0	24,6	2,9	72,5
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	100,0	16,2	3,9	79,9
Өңдеу өнеркәсібі	100,0	34,0	1,4	64,6
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	100,0	46,2	1,8	52,0
Сумен жабдықтау; көріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	100,0	49,8	2,1	48,1
Құрылыс	100,0	38,6	0,4	61,0
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	100,0	31,8	0,3	67,9
Көлік және қоймалау	100,0	41,3	1,4	57,3
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	100,0	35,3	0,6	64,1
Ақпарат және байланыс	100,0	44,7	1,3	54,0
Қаржы және сақтандыру қызметі	100,0	34,8	1,2	64,0
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	100,0	8,9	0,6	90,5
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	100,0	55,5	0,7	43,8
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	100,0	57,3	0,8	41,9
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	100,0	71,6	0,1	28,3
Білім беру	100,0	83,3	0,2	16,5
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	100,0	67,0	0,2	32,8
Өнер, ойын-сауық және демалыс	100,0	61,0	0,2	38,8
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	100,0	43,9	0,2	55,9
Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар мен қызметтер өндіретін үй шаруашылықтары қызметі	100,0	50,9	0,5	48,6
Салалар бойынша жиыны	100,0	34,6	1,3	64,1

* Өндіріске және импортқа салықтар тұтас экономика бойынша салалық құрылымсыз есептеледі.


6.3 ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Төлем балансының ағымдағы операциялар шоты бойынша сальдо

млн. АҚШ доллары

2013 жылғы III тоқсан-2259,4
 2014 жылғы III тоқсан-1415,7

2014 жылғы III тоқсанда төлем балансының ағымдағы операциялар шоты бойынша теріс сальдо 2259,4 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қалыптасты (2013 жылғы III тоқсанда нәтиже теріс мәнді болып 1415,7 АҚШ долларын құрады).




стандарттық ұсыным, млн. АҚШ доллары

	2013				2014		
	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан
Ағымдағы шот	2 164,2	1 089,3	-2 259,4	127,8	6 289,4	289,4	-1 415,7
Капиталмен операциялар есебі	-8,6	2,7	-0,6	0,1	16,0	2,9	2,2
Қаржылық шот	654,2	-1 897,9	-981,9	-2 057,7	246,4	-1 389,1	-5 249,0
Таза қателер және қалып қойғандар	-1 211,7	-3 564,0	-1 522,3	-1 500,3	-4 796,4	-2 154,1	-1 666,0

Қаржылық операциялар есебі

2014 жылғы III тоқсанда тікелей инвестициялармен жасалған операциялар бойынша сальдо -3494,9 млн. доллар (2013 жылғы III тоқсанда -1966,1 млн. доллар) құрады. Есепті кезеңде қаржылық активтерді таза алу 222 млн. долларды құрады, ал міндеттемелердің таза қабылдануы 3716,9 млн. долларды құрады. 2014 жылғы III тоқсанда портфельдік инвестициялармен жасалған операциялар нәтижесі оң болып, 1946,3 млн. доллар (2013 жылғы III тоқсанда 1387,5 млн. доллар) құрады.




6.4 ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ

2013 жылғы қаңтар-наурыз	103,8
2013 жылғы қаңтар-маусым	103,9
2013 жылғы қаңтар- қыркүйек	104,5
2013 жыл	104,9
2014 жылғы қаңтар-наурыз	102,4
2014 жылғы қаңтар-маусым	102,6
2014 жылғы қаңтар- қыркүйек	103,4

Жалпы экономика бойынша 2014 жылғы қаңтар-қыркүйекте еңбек өнімділігінің индексі өткен жылғы тиісті кезеңге 103,4% құрады.

Еңбек өнімділігі




	Еңбек өнімділігі, мың теңге/жан басына			Еңбек өнімділігінің индексі, өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен		
	қаңтар-наурыз	қаңтар-маусым	қаңтар-қыркүйек	қаңтар-наурыз	қаңтар-маусым	қаңтар-қыркүйек
Жалпы экономика	818,6	1 691,2	2 784,8	102,4	102,6	103,4
Тауарлар өндіру	823,5	1 678,6	2 824,2	104,1	104,4	105,1
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	76,4	183,1	572,8	110,9	109,8	109,1
Өнеркәсіп	2 488,0	4 873,8	7 532,9	100,9	101,6	102,1
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	5 919,1	11 475,2	17 704,6	96,5	97,6	99,1
Өңдеу өнеркәсібі	1 556,4	3 164,3	5 057,4	99,1	101,1	102,4
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	1 228,5	2 103,7	2 928,7	114,5	111,5	110,1
Сумен жабдықтау; көріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	322,4	612,8	943,1	101,5	95,6	92,4
Құрылыс	418,1	1 218,4	2 169,4	104,5	105,1	102,8
Қызметтер өндіру	815,1	1 700,4	2 756,2	101,2	101,1	101,1
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	831,4	1 956,0	3 404,3	110,7	107,9	108,0
Көлік және қоймалау	934,1	1 935,0	3 154,7	96,2	96,4	98,3
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	475,6	811,5	1 361,6	81,3	82,0	84,5
Ақпарат және байланыс	1 228,1	2 817,1	4 656,4	111,2	110,2	109,7
Қаржы және сақтандыру қызметі	1 505,3	2 945,3	4 734,4	97,9	96,3	92,7
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	6 041,7	12 263,8	17 569,7	99,3	102,0	101,4
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	2 284,2	3 860,1	5 524,4	96,3	96,4	95,2
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	836,3	1 566,5	2 376,7	90,2	91,2	90,7
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	424,4	904,0	1 358,1	96,2	100,0	98,3
Білім беру	301,0	582,4	891,1	99,5	100,2	100,2
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	368,6	758,5	1 254,4	102,8	101,7	98,9
Өнер, ойын-сауық және демалыс	470,6	1 084,7	1 706,9	109,7	101,7	109,1
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	225,6	665,0	1 650,2	94,9	98,1	94,3
Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар мен қызметтер өндіретін үй шаруашылықтары қызметі	260,8	580,6	843,1	102,0	104,1	103,6

6.5 НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

2014 жылғы қаңтар-ақпан 101,1
 2014 жылғы қаңтар-желтоқсан 103,9
 2015 жылғы қаңтар-ақпан 102,5




Қаржыландыру көздері бойынша

2015 жылғы қаңтар-ақпанда шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаттары инвестициялардың басым көздері болып қалуда, олардың көлемі 389,6 млрд. теңгені құрады.

	2015 жылғы қаңтар-ақпан	
	млн. теңге	үлес салмағы, пайызбен
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	560 777	100,0
оның ішінде келесі қаражаттар есебінен:		
мемлекеттік бюджет	25 957	4,6
меншікті	389 595	69,5
банктердің кредиттері	28 677	5,1
одан шетелдік банктердің кредиттері	286	0,1
басқа да қарыз	116 548	20,8
одан резидент еместердің қарыз қаражаттары	98 504	17,6

Технологиялық құрылым бойынша

2015 жылғы қаңтар-ақпанда 2014 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ғимараттар мен имараттарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына бағытталған инвестициялық салымдардың 4,2% ұлғаюы байқалады.




Пайдалану бағыттары бойынша

2015 жылғы қаңтар-ақпанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың едәуір үлесі кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу (45%), көлік және қоймалау (11,5%) және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (13,3%) келеді.



Кәсіпорындардың мөлшерлілігі бойынша

Ірі кәсіпорындардың инвестициялық салымдарының көлемі 2015 жылғы қаңтар-ақпанда 320,8 млрд. теңгені құрады.




6.6 ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР (ОЭР)

Ресурстар

2015 жылғы қаңтарда республиканың экономикалық айналымына тартылған отынның негізгі табиғи түрлерінің (мұнай, газ конденсатын қоса, табиғи газ бен тас көмір) жалпы ресурстары 15,8 млн. тонна шартты отынды құрады.

	Табиғи ресурстардың жалпы көлеміндегі үлес салмағы	2015 жылғы қаңтар 2014 жылғы қаңтарға		
		ресурстар	өндіріс	импорт
Шикі мұнай	45,0	78,7	97,6	42,0
Көмір	34,4	95,2	95,2	2,3 есе
Табиғи газ	11,8	84,2	107,2	104,2
Газ конденсаты	8,8	103,7	104,1	77,0



Мұнай өнімдерінің ресурстары негізінен меншікті өндіріс (54,7–100%) есебінен қалыптасты. Мұнай өнімдеріне сұраныс олардың импортымен ішінара толықтырылған. 2015 жылғы қаңтарда 2014 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ресурстар құрылымында моторлық бензинінің (5,1%), мазуттың (0,2%), дизельдік отынның (0,2%) импорт үлесінің төмендеуі байқалды.

	2015 жылғы қаңтар 2014 жылғы қаңтарға			
	ресурстар	өндіріс	импорт	экспорт
Моторлық бензині	93,9	54,7	45,3	-
Газойли	99,8	90,0	10,0	2,6
Мазут	127,3	75,7	0,5	100,0
Сұйытылған пропан және бутан	102,8	100,0	-	64,0

Пайдалану


2015 жылғы қаңтарда 2014 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ОЭР экспортының көлемі 21,3% төмендеді.

Мұнайды жеткізу көп деңгейде Италияға (27,5%) экспорттың жалпы көлемінен), Нидерландыға (12,5%), Францияға (8,5%), Қытайға (7,8%), Австрияға (5,5%) жүзеге асырылады.

	2015 жылғы қаңтар 2014 жылғы қаңтарға		Ресурстардың жалпы көлеміне	
	экспорт	ішкі рынокта өткізу	экспорт	ішкі рынокта өткізу
Шикі мұнай	74,3	-	94,5	5,5
Көмір	97,4	94,3	30,2	69,8
Табиғи газ	83,2	-	98,9	1,1
Газ конденсаты	61,7	108,3	5,9	94,1

Шикі мұнай экспортының көлемі


өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



6.7 КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ

Заңды тұлғалар саны

	бірлік	
	2015 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша	2015 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша
Тіркелгендер	354 266	355 808
Жұмыс істеп тұрғандар	198 050	199 104



Қызмет түрлері және белсенділігі бойынша заңды тұлғалар*

2015 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша; бірлік


2015 жылғы ақпанда қаңтар айымен салыстырғанда заңды тұлғалар санының көбеюі байқалады.

Жыл басынан бастап ең көп тіркелген заңды тұлғалардың саны көтерме және бөлшек саудада, (автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу қызметін қоса алғанда) сақталуда, оның үлесі 2015 жылғы 1 наурыздағы 30,6% құрады. Екінші орында – құрылыс (14,2%), үшінші орында – кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет (7,5%). Осы үш қызмет түрлерінің жиынтық үлесі барлық тіркелген заңды тұлғалардың 52,3%-ын құрайды.

	Барлық тіркелгені	Одан				таратылу процесінде
		жұмыс істейтіндер	оның ішінде			
			әлі жұмыс істемейтіндер (жаңалары)	белсенді	уақытша жұмыс істемейтіндер	
Барлығы	355 808	199 104	27 578	118 937	52 589	4 155
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	108 820	49 561	7 460	25 849	16 252	1 515
Құрылыс	50 400	28 136	4 859	12 293	10 984	671
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	26 552	14 385	1 687	8 049	4 649	252
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	25 497	14 287	4 475	6 552	3 260	160
Өңдеу өнеркәсібі	20 503	11 430	1 391	6 657	3 382	328
Білім беру	18 795	16 080	861	14 545	674	125
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	16 539	10 012	653	7 212	2 147	183
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	14 136	8 547	1 047	5 029	2 471	111
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	13 390	7 578	1 086	4 371	2 121	148
Көлік және қоймалау	12 579	7 002	630	4 965	1 407	231
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	10 038	9 291	108	9 112	71	55
Қаржы және сақтандыру қызметі	9 072	4 843	603	3 124	1 116	64
Ақпарат және байланыс	8 233	4 726	887	2 411	1 428	75
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	5 835	3 999	394	3 152	453	56
Өнер, ойын-сауық және демалыс	5 103	3 075	404	2 176	495	33
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	4 256	2 540	473	1 372	695	34
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	2 823	1 693	325	855	513	40

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар саны

	бірлік	
	2015 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша	2015 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша
Барлығы	354 266	355 808
жеке	308 273	309 855
мемлекеттік	27 673	27 674
шетелдік	18 320	18 279



Мөлшерлілігі бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	бірлік	
	2015 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша	2015 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша
Барлығы	354 266	355 808
шағын	345 364	346 891
орта	6 388	6 408
ірі	2 514	2 509

Белсенділігі бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	бірлік	
	2015 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша	2015 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша
Барлығы	354 266	355 808
жұмыс істейтіндер	198 050	199 104
белсенді	118 646	118 937
уақытша жұмыс істемейтіндер	52 814	52 589
әлі жұмыс істемейтіндер (жаңалары)	26 590	27 578
таратылу процесінде	4 187	4 155

* Деректер ВК-005Ред 2 қызметкерлердің саны бойынша заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ дара кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемділігі жіктеуішіне сәйкес берілген (шағын 0-ден 100 дейін).

6.8 ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

(Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің деректері бойынша)

Жер қойнауын пайдаланудағы инвестициялар

2014 жылғы минералдық-шикізат кешенінің (КШ-дегі инвестицияларды есепке алмағанда) жер қойнауын пайдалануға салынған инвестиция көлемі 1220859,1 млн. теңгені құрады, оның ішінде: барлауға - 18772,7 млн. теңге (инвестицияның жалпы көлемінің 2%-ы), басқа да инвестициялар - 1202086,4 млн. теңге (98%).

Көмір өндіру үшін жер қойнауын пайдалану объектілері инвестициялаудың басым бағыты болып табылады, ол - 192298 млн. теңге, яғни 2014 жылғы жалпы инвестиция көлемінің 16%-ын (1220859,1 млн. теңге) құрайды, сондай-ақ ірі инвестициялар пайдалы қазбалардың негізгі және басым түрлеріне бағытталған: мысқа - 184104 млн. теңге (барлық инвестициялардың 15%); уранға - 181026,6 млн. теңге (15%); (полиметалдарға қорғасын, мырыш) - 179843,2 млн. теңге (15%); темірге, марганецке - 168873,7 млн. теңге (14%); алтынға - 135443,8 млн. теңге (11%); хромитке - 52727 млн. теңге (4%); кең таралған ПҚ (пайдалы қазбаларға) - 45800,6 млн. теңге (4%); фосфориттерге - 14857,1 млн. теңге (1%); алюминийге (бокситтер) - 13543,9 млн. теңге (1%); жерасты суларына - 10753,8 млн. теңге (1%); өндірумен байланысты емес операцияларға 25596,9 млн теңге (2%); басқа ПҚ (пайдалы қазбаларға) - 15990,5 млн. теңге (1%).

Инвестицияларды бөлу

	Инвестициялар көлемі	Оның ішінде	
		барлау шығындары	басқа да инвестициялар
Қазақстан Республикасы	1 220 859,1	18 772,7	1 202 086,4
Ақмола	76 757,5	999,6	75 757,9
Ақтөбе	84 178,5	1 739,3	82 439,2
Алматы	8 440,3	1 266,1	7 174,2
Атырау	14 485,5	23,3	14 462,3
Батыс Қазақстан	3 964,9	226,8	3 738,1
Жамбыл	33 497,1	774,4	32 722,7
Қарағанды	320 175,4	1 618,2	318 557,1
Қостанай	175 360,4	1 551,9	173 808,6
Қызылорда	40 274,6	1 014,4	39 260,3
Манғыстау	7 711,0	34,0	7 677,0
Оңтүстік Қазақстан	145 104,4	4 873,6	140 230,8
Павлодар	99 689,8	716,5	98 973,3
Солтүстік Қазақстан	27 43,9	496,2	2 247,7
Шығыс Қазақстан	208 475,8	3 438,6	205 037,2

Жер қойнауын пайдаланудағы инвестициялар құрылымы

- өндірілім шығындары - 927235,4 млн. теңге;
- іргелі шығындар - 214865,8 млн. теңге;
- геологиялық барлау шығындары - 18772,7 млн. теңге;
- жергілікті инфрақұрылым мен әлеуметтік ортаға шығындар - 11919,2 млн. теңге;
- жер қойнауы (ластану) қалпының мониторингін арналған шығындар - 18907,7 млн. теңге;
- өндіріліммен байланысты емес операцияларды өткізуге арналған шығындар - 7901,8 млн. теңге;
- қазақстандық мамандарды оқытуға бөлінген қаражат - 11743,5 млн. теңге;
- ҒЗТҚЖ арналған шығындар - 9003,8 млн. теңге;
- технологияларды сатып алуға арналған шығындар - 509,1 млн. теңге.


Қоғамдық экономикалық көрсеткіштер, салықтар

Келісімшарт объектілерінде жұмыс істейтіндердің саны 125 мың адамды құрады. Әлеуметтік сала мен жергілікті инфрақұрылымға 11919,2 млн. теңге қаражат салынды. Қазақстандық мамандарды оқытуға жұмсалған қаражат 11743,5 млн. теңге құрады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың 2014 жылы мемлекет бюджетіне төлеген салықтары мен төлемдер сомасы 275321,2 млн. теңгені құрады, оның ішінде:

- ПҚӨБ - 136171,2 млн. теңге (салықтар мен төлемдердің жалпы сомасының 49%-ы);
- корпоративтік табыс салығы - 48070,1 млн. теңге (17%);
- ҚҚС - 18545,6 млн. теңге (7%);
- әлеуметтік салық - 17206,8 млн. теңге (6%);
- үстеме пайда салығы - 1489,4 млн. теңге (1%);
- басқа да салықтар мен төлемдер - 53838,1 млн. теңге (20%).

2014 жылғы пайдалы қазбалар түрлері бойынша инвестицияларды бөлу (барлығы 1220859,1 млн. теңге)




7. САУДА

7.1 ІШКІ САУДА

өткен жылға пайызбен

өткен жылғы тиісті айға пайызбен

2014 жыл*.....	112,1
өткен айға пайызбен	
2014 жылғы ақпан.....	94,3
2015 жылғы ақпан.....	92,9
өткен жылғы тиісті айға пайызбен	
2014 жылғы ақпан.....	110,3
2015 жылғы ақпан.....	103,1
өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен	
2014 жылғы қаңтар-ақпан.....	110,4
2015 жылғы қаңтар-ақпан.....	103,9



* Жедел деректер.

Өткізу арналары бойынша

пайызбен


2015 жылғы қаңтар-ақпанда бөлшек сауда көлемі 857,2 млрд. теңгені құрады және 2014 жылғы тиісті кезеңіне 3,9% ұлғайды. Саудамен айналысатын кәсіпорындармен тауарларды бөлшек саудада өткізу 2014 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 2,2% өсті. Базарлар және жеке кәсіпкерлермен өткізілген сауда көлемі есепті кезеңде 6,1% өсті.

2015 жылғы 1 наурызға бөлшек саудадағы саудамен айналысатын кәсіпорындардың тауарлық қорларының көлемі 292 млрд. теңгені құрады, саудадағы күндері – 67 күн.

Азық-түлік тауарларының бөлшек сауда жалпы көлеміндегі үлесі 34,2% құрады, азық-түлік емес тауарлар – 65,8%. Азық-түлік тауарларын өткізу көлемі 2014 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 0,8% төмендеді, азық-түлік емес тауарлар – 6,2% ұлғайды.

	Үлес салмағы	2015 жылғы ақпан 2014 жылғы ақпанға	2015 жылғы ақпан 2015 жылғы қаңтарға	2015 жылғы қаңтар-ақпан 2014 жылғы қаңтар-ақпанға
Бөлшек сауда	100,0	103,1	92,9	103,9
сауда кәсіпорындарымен	54,9	100,8	88,2	102,2
базарларда және жеке кәсіпкерлермен	45,1	105,8	99,0	106,1

өткен жылғы тиісті айға пайызбен



Көтерме сауда

2015 жылғы қаңтар-ақпанда көтерме сауда көлемі 1993,7 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылғы тиісті кезең деңгейіне 103%. Көтерме сауда тауар айналымының құрылымында азық-түлік емес тауарлар және өндірістік-техникалық мәндегі өнімдер (83,2%) басым.

Тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну бойынша қызметтер (қоғамдық тамақтандыру)

Тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну бойынша қызметтердің көлемі 2015 жылғы қаңтар-ақпанда 38,6 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 8,5% көп. Шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер үлесіне қызметтер көлемінің шамамен 62,1%-ы тиесілі.


7.2 РЕСУРСТАР БАЛАНСЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАУАРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

(СК және МКК деректері бойынша)

Азық-түлік тауарлары

Отандық өндірістегі тауарлардың маңызды үлес салмағы көбінесе азық-түлік тауарларының ресурстарында байқалады. Сонымен бірге, ресурстары көп көлемде олардың импортымен қамтамасыз етілетін бірқатар өнімдер бар: қайта өңделген жемістер және жаңғақтар (99,3%), қайта өңделген көкөністер (84,8%), кофе және шай (67,9%). Бір мезгілде ресурстардың жалпы көлемінен жарма (15,8%), макарон өнімдері (10,9%) бойынша экспорт көлемінің өсуі байқалады. Бұл ретте есепті кезеңде ұнның экспорты 2014 жылғы қаңтармен салыстырғанда 11,2% төмендеді.

	2015 жылғы қаңтар 2014 жылғы қаңтарға			Ресурстардың жалпы көлеміне пайызбен	
	ресурстар	өндіріс	импорт	экспорт	ішкі нарықта өткізу
Ұн	105,9	105,6	4,1 есе	48,9	51,1
Жарма	132,8	113,8	2,9 есе	15,8	84,2
Макарон өнімдері	95,3	86,4	164,0	10,9	89,1
Нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер	105,9	106,6	97,5	1,0	99,0
Қант	86,6	61,7	173,0	-	100,0
Өсімдік майы	148,8	110,0	3 есе	8,9	91,1
Құс еті	85,5	104,8	66,4	1,4	98,6
Сүт өнімдері	98,8	98,8	98,6	1,4	98,6



Азық-түлік емес тауарлар

Азық-түлік емес тауарлардың нарығы көбінесе басқа елдерден әкелумен қамтамасыз етіледі. Ресурстарды толтыруда импорттың басымдылығы мынадай тауарларда: сыртқы киімдерде (99,1%), ауыз қуысы гигиена құралдары (98,6%), жуу құралдары (95,2%) байқалады. Тұрмыстық электр тауарларының арасында сондай-ақ, миксерлер және шырын сыққыштар (100%), кір жуатын машиналар (100%), теледидарлар (75,2%) бойынша импорт үлесі маңызды.

Құрылыс материалдарының ресурстары бойынша осыған ұқсас жағдай қалыптасуда. Табиғи шикізат болып табылатын құрылыс материалдарында ғана отандық өндіріс басым ресурстардың жалпы көлемінің (99,5-100%): асбест, табиғи құмдар, әктас, ғаныш, бор, доломит, саз және каолин.


Портландцемент өндірісі 2015 жылғы қаңтарда 2014 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 15,4% өсті. Портландцемент ресурстарының жалпы көлемінде отандық өндірістің үлесі 82,8% құрады.

	2015 жылғы қаңтар 2014 жылғы қаңтарға			Ресурстардың жалпы көлеміне пайызбен	
	ресурстар	өндіріс	импорт	экспорт	ішкі нарықта өткізу
Жеңіл автомобильдері	80,4	66,1	84,1	0,5	99,5
Жүк автомобильдері	56,3	2,6 есе	51,2	8,2	91,8
Сыртқы киім	78,6	109,0	78,5	1,5	98,5
Электр энергия есептеуіштері	128,2	140,8	53,2	0,1	99,9
Теледидарлар	113,2	115,7	112,3	2,9	97,1
Мақта мата	167,2	113,7	3,6 есе	3,4	96,6
Аяқ киім	76,1	175,4	75,7	1,2	98,8
Ас үй жиһазы	105,2	119,3	85,1	-	100,0
Үй ішіндегі құрал-жабдықтар	143,2	5,3 есе	97,4	-	100,0



7.3 СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

(МКК деректері бойынша)




Сыртқы сауда айналымының құрылымы бойынша


2015 жылғы қаңтардағы сыртқы сауда айналымы 7,5 млрд. АҚШ долларын құрады (2014 жылғы қаңтармен салыстырғанда 28,9% азайды), оның ішінде экспорт – 4,8 млрд. АҚШ доллары (39,2% аз) және импорт – 2,7 млрд. АҚШ доллары (1,8% өсті).

Экспорт ЕАЭО елдерімен 256,7 млн. АҚШ долларын құрады немесе 2014 жылғы қаңтармен салыстырғанда 41,2% аз, импорт – 1012,8 млн. АҚШ доллары (7,8% өсті).

	пайызбен	
	2015 жылғы қаңтар	2014 жылғы қаңтарға
Сыртқы сауда айналымы	71,1	
оның ішінде:		
экспорт	60,8	
импорт	101,8	



Жекелеген елдер бойынша




8. ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫ

8.1 ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен


2014 жылғы қаңтар-ақпан..... 100,1
 2014 жылғы қаңтар-желтоқсан..... 100,2
 2015 жылғы қаңтар-ақпан..... 100,4



Өнеркәсіп салалары бойынша

2015 жылғы қаңтар-ақпандағы өнеркәсіп өнімі 2174,8 млрд. теңгеге, соның ішінде кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі салаларында – тиісінше 1123,6 және 760,9 млрд. теңгеге, электрмен жабдықтау, газ, бу беру, ауа баптауда – 263,7 млрд. теңгеге, сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылауда – 26,6 млрд. теңгеге өндірілді.

	пайызбен	
	2015 жылғы қаңтар-ақпан 2014 жылғы қаңтар-ақпанға	Жалпы көлемде үлес салмағы, 2015 жылғы қаңтар-ақпан
Өнеркәсіп	100,4	100,0
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	100,9	51,7
Өңдеу өнеркәсібі	100,3	35,0
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	98,1	12,1
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	90,2	1,2



Өңдеу өнеркәсібі салалары бойынша

	2015 жылғы қаңтар-ақпан, млрд. теңге	2015 жылғы қаңтар-ақпан 2014 жылғы қаңтар-ақпанға пайызбен
Өңдеу өнеркәсібі	760,9	100,3
Тамақ өнімдерін өндіру	144,3	98,1
Сусындарды өндіру	27,2	98,3
Темекі бұйымдарын өндіру	9,7	90,2
Жеңіл өнеркәсібі	10,0	100,3
Қағаз және қағаздан жасалған өнімдерді өндіру	5,0	85,6
Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	65,5	101,7
Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру	33,2	105,3
Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру	15,5	108,2
Өзге де металл емес минералды өнімдер өндіру	40,4	101,7
Металлургия өнеркәсібі	283,5	113,3
Машина жасау	87,4	70,5

Заттай көріністе өнеркәсіп өнімдерді өндіру

	2015 жылғы қаңтар-ақпан	2014 жылғы қаңтар-ақпан
Көмір және лигнит өндіру		
Көмір - барлығы, мың тонна	18 337,4	18 958,6

Шикі мұнай және табиғи газ өндіру		
Мұнай, мың тонна	11 136,8	11 127,9
Газ конденсаты, мың тонна	2 161,3	2 081,1
Табиғи газ, млн. текше метр	7 769,2	7 024,4

Металл кендерін өндіру		
Мыс кені, мың тонна	5 563,4	5 937,9
Құрамында алтыны бар кендер, мың тонна	2 515,6	1 886,4
Қорғасын-мырыш кені, мың тонна	757,9	1 251,4
Хром қойыртпалары, мың тонна	693,4	598,9






Тамақ өнімдерін өндіру		
Ет, тонна	34 637	34 880
Сүт, тонна	66 970	68 976
Ұн, тонна	586 863	564 151
Нан, тонна	116 222	114 586
Жарма, тонна	7 931	9 619

Мұнай өнімдерін өндіру		
Бензин, мың тонна	429,9	417,1
Керосин, мың тонна	39,9	59,2
Сұйытылған пропан және бутан	348,3	340,6
Газойлдер, мың тонна	772,9	675,6
Мазут, мың тонна	516,2	592,9

Металлургия өнеркәсібі		
Ферроқорытпалар, тонна	290 852	275 699
Жазық илек, тонна	368 137	370 516
Тазартылған қорғасын, тонна	18 786	20 927
Мырыш, тонна	52 525	52 674
Тазартылған мыс, тонна	61 366	44 363


Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау		
Электр энергиясы, млн. кВт. с	16 875,9	17 341,3
Жылу энергиясы, мың Гкал	21 673,5	23 900

Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау		
Табиғи су, млн. текше метр	427,0	420,2



8.2 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы



Ауыл шаруашылығы салалары бойынша

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2015 жылғы қаңтар-ақпанда 156248,3 млн. теңгені құрады, оның ішінде мал шаруашылығы – 149707,6 млн. теңге, өсімдік шаруашылығы – 6484,8 млн. теңге, қызметтер – 55,9 млн. теңге.

	пайызбен	
	2015 жылғы қаңтар-ақпан 2014 жылғы қаңтар-ақпанға	2014 жылғы қаңтар-ақпан 2013 жылғы қаңтар-ақпанға
Ауыл шаруашылығы	102,4	101,9
одан:		
өсімдік шаруашылығының өнімі	100,0	100,0
мал шаруашылығының өнімі	102,5	101,9

	Өлшем бірлігі	2015 жылғы қаңтар-ақпан	2014 жылғы тиісті кезеңге пайызбен
Мал мен құстың негізгі түрлерінің саны*			
Ірі қара мал	мың бас	6 363,1	103,0
Қой	мың бас	16 147,7	102,2
Ешкі	мың бас	2 519,8	101,3
Шошқа	мың бас	896,2	96,0
Жылқы	мың бас	1 886,7	109,0
Құс	мың бас	34 653,5	100,3
Мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру			
Мал мен құстардың шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені (тірідей салмақта)	мың тонна	214,1	101,2
Сауылған сиыр сүті	мың тонна	463,5	102,2
Алынған тауық жұмыртқалары	млн. дана	629,0	115,4
Негізгі дәнді дақылдардың қолда бары, барлығы*			
одан:			
бидай	мың тонна	9 245,0	100,2
арпа	мың тонна	1 028,5	87,2
күріш	мың тонна	149,0	123,1
сұлы	мың тонна	148,2	89,0
жүгері	мың тонна	101,8	2,3 есе
қара бидай	мың тонна	40,7	182,6

* 2015 жылғы 1 наурызға.

8.3 ҚҰРЫЛЫС


Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі

өткен жылғы тиісті кезеңге, пайызбен

2014 жылғы қаңтар-ақпан..... 104,3
 2014 жылғы қаңтар-желтоқсан..... 104,1
 2015 жылғы қаңтар-ақпан..... 101,5

2015 жылғы қаңтар-ақпанда құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 147 млрд. теңгені құрады.

жалпы көлемге пайызбен



Салынып жатқан объектілер бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі

Құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінде едәуір үлес салмағының көлемін 60,8 млрд. теңгені құраған өнеркәсіп объектілері бойынша жұмыстар алды.


2015 жылғы қаңтар-ақпан, жалпы көлемге пайызбен



Құрылыс жұмыстары көлемінің құрылымы

Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 2014 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 0,7% азайып, 133,9 млрд. теңгені құрады. Күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда тиісінше, 1,6 және 1,1 есеге көбейді.

2015 жылғы қаңтар-ақпан, жалпы көлемге пайызбен




Объектілерді пайдалануға беру

2015 жылғы қаңтар-ақпанда 5265 жаңа ғимараттардың құрылысы аяқталды, олардың ішінен 4944 тұрғын және 321 тұрғын емес мақсаттағы ғимараттар.

Пайдалануға берілген әлеуметтік-мәдени объектілер:

- жалпы білім беретін мектеп – 8;
- мектепке дейінгі ұйымдар – 8;
- амбулаториялық-емханалық ұйымдар - 11.




8.4 ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

Тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар


өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен
 2014 жылғы қаңтар-ақпан..... 129,7
 2014 жылғы қаңтар- желтоқсан..... 118,1
 2015 жылғы қаңтар-ақпан..... 113,8

2015 жылғы қаңтар-ақпанда тұрғын үй құрылысына 70,5 млрд. теңге салынды. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде тұрғын үй құрылысында игерілген қаражаттың үлесі 12,6% құрады.

2015 жылғы қаңтар-ақпанда тұрғын үй құрылысының негізгі қаржыландыру көзінің үлес салмағы 74,8% құрайтын салушылардың меншікті қаражаты болды.




Тұрғын жайларды пайдалануға беру



Пайдалануға берілген тұрғын үйдің нақты көлемінің индексі

2015 жылғы қаңтар-ақпанда пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 1339,8 мың шаршы метрді, оның ішінде жеке құрылысшылар салған 688,8 мың шаршы метрді құрады. Пайдалануға берілген тұрғын үйдің нақты көлемінің индексі 2014 жылғы қаңтар-ақпанға 114,6% құрады.


2015 жылғы қаңтар-ақпанда көппәтерлі тұрғын үй құрылысының 1 шаршы метрінің орташа нақты шығындары 162,9 мың теңгені және халық салған тұрғын үйдің шаршы метрі 59,9 мың теңгені құрады.



8.5 КӨЛІК

Жүк айналымы


	өткен жылға пайызбен
2014 жылғы қаңтар-желтоқсан.....	98,8
	өткен айға пайызбен
2014 жылғы ақпан.....	103,8
2015 жылғы ақпан.....	92,8
	тиісті айға пайызбен
2014 жылғы ақпан.....	96,2
2015 жылғы ақпан.....	109,1
	тиісті кезеңге пайызбен
2014 жылғы қаңтар-ақпан.....	96,0
2015 жылғы қаңтар-ақпан.....	115,5



Көлік түрлері бойынша

2015 жылғы ақпанда өткен жылғы тиісті аймен салыстырғанда жүк айналымының жоғарылауы (9,1%), көбінесе, теміржол көлігімен жүк тасымалдау есебінен, олардың үлесі (46,4%) жүк айналымының көлемінде едәуір. Сондай-ақ ақпанда жүк айналымының көбеюіне автомобиль көлігі (29,4% жалпы жүк айналым көлемінен) және құбыр бойынша тасымалдау (23,7%) жүк ағымының өсуі әсер етті.

	Үлес салмағы	пайызбен	
		2015 жылғы ақпан 2015 жылғы қаңтарға	2015 жылғы ақпан 2014 жылғы ақпанға
Жүк айналымы	100	92,8	109,1
оның ішінде:			
теміржол	46,4	95,1	112,4
автомобиль	29,4	96,9	102,3
құбыр	23,7	84,5	112,6
теңіз	0,5	91,2	85,9
әуе	0,0	113,2	70,6
ішкі су	-	-	-




Көлік түрлері бойынша негізгі көрсеткіштері

	Жүк тасымалдау, мың тонна		Жүк айналымы, млн. ткм	
	2015 жылғы қаңтар-ақпан	2015 жылғы қаңтар-ақпан 2014 жылғы қаңтар-ақпанға, пайызбен	2015 жылғы қаңтар-ақпан	2015 жылғы қаңтар-ақпан 2014 жылғы қаңтар-ақпанға, пайызбен
Көліктің барлық түрлері	534 310,6	106,7	78 472,0	115,5
оның ішінде:				
теміржол	52 206,6	145,9	35 937,5	127,1
автомобиль	443 981,2	103,6	22 574,8	101,8
құбыр	37 580,4	105,5	19 586,4	114,7
оның ішінде:				
мұнай	19 970,6	109,6	11 097,7	115,1
газ	17 609,8	101,2	8 488,7	114,1
теңіз	540,0	87,1	367,2	87,1
әуе	2,4	75,8	6,1	72,5
ішкі су	-	-	-	-

Жолаушылар айналымы


өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен	
2014 жылғы қаңтар-желтоқсан.....	106,8
өткен айға пайызбен	
2014 жылғы ақпан.....	96,7
2015 жылғы ақпан.....	97,4
тиісті айға пайызбен	
2014 жылғы ақпан.....	106,2
2015 жылғы ақпан.....	103,3
тиісті кезеңге пайызбен	
2014 жылғы қаңтар-ақпан.....	107,0
2015 жылғы қаңтар-ақпан.....	102,9



Көлік түрлері бойынша

2015 жылғы ақпанда өткен жылғы тиісті аймен салыстырғанда жолаушылар айналымының артуы (3,3%), көбінесе, автомобиль, теміржол және әуе көлігінде жолаушылар ағымының өсуіне байланысты болды.

	Үлес салмағы	2015 жылғы ақпан 2015 жылғы қаңтарға	2015 жылғы ақпан 2014 жылғы ақпанға
Жолаушылар айналымы	100	97,4	103,3
оның ішінде:			
автомобиль	85,8	98,9	102,1
теміржол	10,7	93,2	114,0
әуе	3,4	77,9	103,1
трамвай	0,1	112,2	88,5
троллейбус	0,0	205,3	172,1
метрополитен	0,0	105,1	102,5
өзге де түрлері (арқан жолдары және басқалары)	-	-	-
ішкі су	-	-	-




Көлік түрлері бойынша негізгі көрсеткіштері

	Жолаушылар тасымалдау, мың адам		Жолаушылар айналымы, млн. жкм	
	2015 жылғы қаңтар-ақпан	2015 жылғы қаңтар-ақпан 2014 жылғы қаңтар-ақпанға, пайызбен	2015 жылғы қаңтар-ақпан	2015 жылғы қаңтар-ақпан 2014 жылғы қаңтар-ақпанға, пайызбен
Көліктің барлық түрлері	3 479 223,8	103,6	40 023,0	102,9
соның ішінде:				
теміржол	5 222,7	84,8	4 382,4	110,1
автомобиль	3 463 250,1	103,6	34 069,3	102,0
әуе	757,3	107,5	1 519,7	105,0
трамвай	5 852,3	88,3	26,2	87,6
троллейбус	3 093,2	117,5	17,4	143,8
метрополитен	1 048,2	104,7	8,0	105,3
өзге де түрлері (арқан жолдары және басқалары)	-	-	-	-
ішкі су	-	-	-	-

8.6 ПОЧТАЛЫҚ ЖӘНЕ КУРЬЕРЛІК ҚЫЗМЕТ. БАЙЛАНЫС


Почталық және курьерлік қызмет

өткен жылға пайызбен	
2014 жылғы қаңтар-желтоқсан.....	111,6
өткен айға пайызбен	
2014 жылғы ақпан.....	94,4
2015 жылғы ақпан.....	85,7
тиісті айға пайызбен	
2014 жылғы ақпан.....	95,5
2015 жылғы ақпан.....	115,1
тиісті кезеңге пайызбен	
2014 жылғы қаңтар-ақпан.....	99,0
2015 жылғы қаңтар-ақпан.....	121,7



Байланыс


өткен жылға пайызбен	
2014 жылғы қаңтар-желтоқсан.....	108,5
өткен айға пайызбен	
2014 жылғы ақпан.....	93,4
2015 жылғы ақпан.....	91,1
тиісті айға пайызбен	
2014 жылғы ақпан.....	111,1
2015 жылғы ақпан.....	106,9
тиісті кезеңге пайызбен	
2014 жылғы қаңтар-ақпан.....	111,9
2015 жылғы қаңтар-ақпан.....	109,0



Байланыс қызметтерінің түрлері бойынша

2015 жылғы қаңтар-ақпанда байланыс қызметі бойынша НКІ-і 2014 жылғы қаңтар-ақпанмен салыстырғанда 109%, одан Интернет қызметтері бойынша 122,8%, өзге де телекоммуникациялық қызметтері бойынша 143,7% құрады. Байланыс қызметінің жалпы көлемінде едәуір үлесті ұтқыр байланыс қызметтері, Интернет желісі және өзге де телекоммуникациялық қызметтері алады, сәйкесінше олардың үлес салмағы 39,1%, 27,5% және 14,5% құрады.

	Үлес салмағы	пайызбен			
		2015 жылғы қаңтар-ақпан, млн. теңге	2015 жылғы ақпан 2015 жылғы қаңтарға	2015 жылғы ақпан 2014 жылғы ақпанға	2015 жылғы қаңтар-ақпан 2014 жылғы қаңтар-ақпанға
Байланыс қызметінің көлемі, барлығы	100	114 044,9	91,1	106,9	109,0
ұтқыр байланыс	39,1	44 569,3	92,8	100,7	99,0
Интернет желісі	27,5	31 370,7	97,9	122,3	122,8
өзге де телекоммуникациялық қызметтер	14,5	16 522,0	77,9	127,0	143,7
жергілікті телефон байланысы	7,3	8 326,7	98,5	97,9	98,3
қалааралық және халықаралық телефон байланысы	5,1	5 826,2	86,1	89,1	91,9
сымсыз желілері және жерсерігі, кабельді инфрақұрылым арқылы	3,3	3 773,9	74,8	80,5	91,6
бағдарламаларды тарату	3,2	3 656,1	99,0	98,8	99,2
деректерді беру	63,4	72 290,4	91,1	100,7	101,5
Жалпы көлемнен-халыққа					



8.7 ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК МОНИТОРИНГІ ¹⁾

2013 жылғы 1 желтоқсаннан ШОК субъектілеріне жатқызу критерііне тек қана жұмыспен қамтылғандар саны бойынша статистика мақсаттары үшін қолдануға көзделген «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚРЗ нормасы күшіне енді (ҚРЗ 2012 жылғы 10 шілдедегі №36-V Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және мемлекеттік органдардың бақылау мен қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы).

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қызметкерлердің орташа жылдық саны жүз адамға дейінгі субъектілерді жатқызуды қарастыратын «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚРЗ нормасы күшіне енеді (ҚРЗ 2014 жылғы 16 мамырдағы № 203-V Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы). Субъектілер саны бойынша жедел деректер осы өзгерістерді ескере отырып қалыптастырылды.

2015 жылғы 1 наурызға ШОК қызметінің көрсеткіштер құрылымы

өткен жылға сәйкес кезеңге пайызбен

Статистикалық бизнес-тіркелімнің деректері бойынша жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлердің ең көп саны Алматы қаласында (жалпы санынан 13,3%), Оңтүстік Қазақстан (10,5%), Алматы (10,5%) облыстарында шоғырланған.

Бұл ретте, жұмыс істеп тұрған шаруа (фермер) қожалықтарының едәуір саны Оңтүстік Қазақстан (40,6%), Алматы (24,7%), Жамбыл (8,3%) және Шығыс Қазақстан (6,6%) облыстарында белгіленген.

	Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны
Қазақстан Республикасы	110,0
Ақмола	111,3
Ақтөбе	114,5
Алматы	102,3
Атырау	110,3
Батыс Қазақстан	109,2
Жамбыл	104,8
Қарағанды	113,5
Қостанай	108,8
Қызылорда	111,6
Маңғыстау	115,6
Оңтүстік Қазақстан	104,7
Павлодар	108,8
Солтүстік Қазақстан	109,0
Шығыс Қазақстан	113,4
Астана қ.	116,8
Алматы қ.	116,4

2015 жылғы 1 наурызға ШОК субъектілерінің саны

	Тіркелген ШОК субъектілерінің барлығы	Оның ішінде			Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	Оның ішінде		
		ШОК заңды тұлғалары	дара кәсіпкерлер ²⁾	шаруа (фермер) қожалықтары		ШОК заңды тұлғалары	дара кәсіпкерлер ³⁾	шаруа (фермер) қожалықтары
Қазақстан Республикасы	1 664 608	286 769	1 186 754	191 085	1 341 025	152 982	1 003 335	184 708
Ақмола	68 961	7 922	56 727	4 312	53 376	3 946	45 445	3 985
Ақтөбе	65 072	11 192	49 259	4 621	53 799	6 339	43 036	4 424
Алматы	184 677	11 908	125 413	47 356	156 596	5 892	105 007	45 697
Атырау	58 684	8 327	48 493	1 864	50 560	5 553	43 160	1 847
Батыс Қазақстан	48 253	5 803	38 457	3 993	41 513	3 635	34 026	3 852
Жамбыл	89 393	6 433	66 273	16 687	75 012	3 272	56 330	15 410
Қарағанды	109 818	19 780	83 043	6 995	88 331	12 397	69 557	6 377
Қостанай	83 838	9 038	68 854	5 946	67 992	5 384	57 575	5 033
Қызылорда	49 111	5 491	40 848	2 772	42 046	3 777	35 541	2 728
Маңғыстау	56 014	9 981	44 798	1 235	48 189	5 437	41 585	1 167
Оңтүстік Қазақстан	221 408	23 656	122 717	75 035	193 466	12 737	105 828	74 901
Павлодар	54 898	9 408	41 652	3 838	44 015	5 878	34 686	3 451
Солтүстік Қазақстан	44 738	6 144	35 509	3 085	36 957	3 404	30 521	3 032
Шығыс Қазақстан	148 135	14 972	120 405	12 758	115 780	7 602	95 910	12 268
Астана қ.	126 387	42 939	83 439	9	94 092	22 307	71 777	8
Алматы қ.	255 221	93 775	160 867	579	179 301	45 422	133 351	528


¹⁾ Жедел ақпарат бойынша.

²⁾ Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

³⁾ 2015 жылғы 1 ақпанға Статистикалық бизнес-тіркелім деректері негізінде шаруа (фермер) қожалықтарының саны.

8.8 ІСКЕРЛІК ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

Кәсіпкерліктің сенімділік индексі



2014 жылғы IV тоқсанда сұралған өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерліктің сенімділік индексі 2014 жылғы III тоқсанмен салыстырғанда 1 пайыздық тармаққа азайды және (+8%) құрады. 2014 жылғы IV тоқсанда 79% өнеркәсіп кәсіпорындарының басшылары өз экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған.

Бұл ретте, ағымдағы уақытпен салыстырғанда 2015 жылғы қаңтарға дейін 72% кәсіпорын өзінің қаржылық – шаруашылық қызметінің өзгеріссіз қалуын, 11% - жақсаруын және 12% - нашарлайтындығын күтеді.

2014 жылғы IV тоқсанда сұралған сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерліктің сенімділік индексі 2014 жылғы III тоқсанмен салыстырғанда 5 пайыздық тармаққа көбейді және (+5%) құрады.

2014 жылғы IV тоқсанда 81% сауда кәсіпорындардың басшылары өз экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған.

